

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

№ р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсыным	Іс-шара	Іс-шараны аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Іс-шараны орындау мерзімі	Ұсынымның орындалуы бойынша ақпарат
1.	Бұл ретте айта кететін жайт, ішкі талдау кезінде Бухгалтерлік есеп, қаржы және мемлекеттік сатып алу департаментінің қызметінде бір Департаментте бір-бірімен мүдделер қақтығысына әкелетін бірнеше функцияларды (Қоғамның қызметін экономикалық жоспарлау, мемлекеттік сатып алуды жүргізу және есеп айырысу төлемдерін жүргізу) жүзеге асыруда көрініс тапқан ұйымдық мүдделер қақтығысы бар.	Ұйымдық мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Қоғамның ұйымдық құрылымына өзгеріс енгізу	Қоғамның ұйымдық құрылымына өзгеріс енгізу	ҚжӘҚД	2024 жылдың 1 тоқсаны	Орындалды. Қоғамның орталық аппаратының ұйымдық құрылымы бұрын функциялары бір Департаментте жүзеге асырылып келген және бір-бірімен мүдделер қақтығысына түскен Бухгалтерлік есеп, Экономикалық жоспарлау және талдау департаментін және Мемлекеттік сатып алу басқармасын әртүрлі құрылымдық бөлімшелерге бөлу арқылы өзгертілді.

2.	Барлық дербес компьютерлерде сыртқы қол жеткізуден қорғаудың жеткілікті дәрежесі жоқ екені атап өтіледі (енгізу кезінде логин немесе пароль болмайды). Сонымен қатар, Қоғамда қызметтік, коммерциялық және басқа да құпияны құрайтын Қоғамның қызметі туралы деректердің ықтимал тарап кету қаупін тудыруы мүмкін Ақпараттық қауіпсіздік саясаты бекітілмеген.	Қоғамның ақпараттық қауіпсіздік саясатын әзірлеу және бекіту	Ақпараттық қауіпсіздік саясаты	АТжСММД	2024 жылдың 3 тоқсаны	Орындалды. Қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының ақпараттық қауіпсіздік саясаты бекітілді.
3.	Бөгде ұйымдар «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның мүддесін білдіре алмайтынын және тыңдаушылардың тізімдерін қалыптастыра алмайтынын, сондай-ақ курстарға ақы төлеу үшін ақша жинай алмайтынын ескере отырып, мұндай фактілер «Өрлеу» БАҰО» АҚ беделіне нұқсан келтіретіндіктен, ұйымды қатты алаңдатады.	Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерінің алдын алу бойынша түсіндірме және профилактикалық жұмыс жүргізу	Түсіндірме және профилактикалық жұмыс бойынша ақпарат	Комплаенс-офицер – әдеп жөніндегі уәкіл	Тұрақты түрде	Тұрақты түрде орындалуда. Түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды комплаенс-офицер тұрақты түрде жүргізеді, кері байланыс арналары арқылы Қоғамға жүгінген жағдайда тыңдаушыларға және басқа тұлғаларға заңгерлік кеңес беріледі.

4.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға жәрдемдесу бойынша тұрақты жұмыстарды жүргізу және комплаенс-тәуекел картасын бекіту қажет.	Қоғамның комплаенс-тәуекелдер картасын әзірлеу және бекіту	Комплаенс-тәуекелдер картасы	Комплаенс-офицер – әдеп жөніндегі уәкіл	2024 жылдың 1 тоқсаны	Орындалды. Комплаенс-офицер «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс-тәуекел картасын әзірлеп бекітті.
----	--	---	-------------------------------------	--	------------------------------	---